

Республикада өндірілетін және орталықтандырылған түрде сатып алынатын азық-түлік ресурстары мен халық тұтынатын тауарлар бөлу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 26 мамыр 1993 ж. N 435. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р д ы :

а) - облыстар, Алматы және Ленинск қалалары бойынша, әскери сауданы, почта жәшіктерін, "Теміржолресторанды" қосқанда, барлық тұтынушылар үшін ұнға, жармаға, макарон өнімдеріне нарықтық қорларды Қазақстан Республикасы Сауда министрлігінің "Қазастықөнім" концернімен және Қазтұтынуодағымен келісілген ұсынысы бойынша;

- ет пен ет өнімдері, сүт пен сүт өнімдері, жұмыртқа ресурстарының бағыттар бойынша (үкіметаралық келісімдер бойынша жөнелту, мемлекеттік резерв, әскери және арнайы тұтынушылар, әскери сауда, қалалар мен өнеркәсіп орталықтарына демеу) бөлінуін, Экономика министрлігінің Қазақстан Республикасының Сауда министрлігімен және Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ;

б) астық өнімдері, қант, өсімдік майы, маргарин, балық өнімдері және мемлекеттік қажеттілік үшін әкелінетін басқа да тамақ өнімдері ресурстарының бағыттар бойынша (әскери және арнайы тұтынушылар, өнеркәсіптік ұқсату, мемлекеттік резерв, нарық үшін беріп тұру және т. б.) бөлінуін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі;

в) әскери және арнайы тұтынушылар, әскери сауда орындары үшін картоп пен көкөніс беріп тұрудың көлемін, сондай-ақ осы өнімнің қалалар мен өнеркәсіптік орталықтарға демеуін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекітетін болып белгіленсін.

2. Халыққа сату үшін арналған, оларды қалыптастыру өндіру мен мемлекеттік қажеттілік үшін беріп тұру, үкіметаралық келісімдер бойынша және басқа да орталықтандырылған түсірілімдердің әкелінуі есебінен жүзеге асырылатын азық-түлік ресурстары мен халық тұтынатын тауарларды қалалар мен селолық жерлер халқын қамтитын сауда ұйымдары мен кәсіпорындары арасында бірлесе бөлу Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі мен Қазтұтынуодағына жүктелсін.

Қаулының осы тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес бөлінетін тауарлар тізбесін жыл сайын Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен келісім бойынша айқындайтын бо лы п бел гі лен с і н .

4. Осы қаулының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген басқа азық-түлік пен халық тұтынатын тауарларының басқа да түрлерінің ресурстарын бөлшек сауда жүйесі арқылы халыққа сату үшін қалыптастыру шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында белгіленген тәртіппен жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ